

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2020 жылғы «5» ақпандағы  
№ 51 бұйрығына 44-қосымша

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2013 жылғы 3 сәуірдегі  
№ 115 бұйрығына 589 -қосымша

**Тірек-қозғалыс аппараты бұзылған білім алушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 0-4-сыныптары үшін «Математика» пәнінен жаңартылған мазмұнды үлгілік оқу бағдарламасы**

**1 - тарау. Жалпы ережелер**

1. Тірек-қозғалыс аппараты бұзылған бар білім алушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 0-4 сыныптары үшін «Математика» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5- бабы 6) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. Бағдарлама мақсаты – қарапайым логикалық-математикалық ұғымдарды қалыптастыру, зияткерлік-шығармашылық қабілеттерін, сөздік-логикалық ойлау қабілеттерін дамыту және тірек-қозғалыс аппаратының бұзылымдарын түзеу.

3. Бағдарлама міндеттері:

1) математикалық білімдерді, қабілеттілік пен дағдыларды қалыптастыру;  
2) оқу және практикалық есептерді шешу, арифметикалық алгоритмдерді қолдану, қарапайым геометриялық фигуралармен және олардың қасиеттерімен танысу, геометриялық құрылымдарды орындау және математикалық зерттеулер жүргізу қабілеттерін дамыту;

3) алған математикалық білімдерін тұлғалық қасиеттерін дамыту үшін қолдану қабілеттерін қалыптастыру: білуге құмарлығын, сенімділігін, мақсатшылдығын, жауапкершілігін, тәуелсіздігін;

4) логикалық ойлау қабілетін, кеңістіктік қиялын және математикалық терминдерді қолдану қабілетін дамыту;

5) сыни ойлауы мен шығармашылық қабілеттерін дамыту;

6) ақпараттарды іздеу және таңдау үшін ақпараттық-коммуникативтік технологияларын қолдану дағдыларын дамыту;

7) коммуникативтік және әлеуметтік дағдыларын, командада жұмыс істеу және өз пікірін білдіру дағдыларын, басқа адамдардың ой-пікірін сыйлауын, көшбасшылық қасиетін көрсете білуін дамыту.

4. Түзете-дамыту міндеттері:

1) білім алушылардың ойлау функцияларын (салыстыру, саралау, жинақтау), дәлелдемелік пікірлер жасау, ойларын ретімен, анық және нақты білдіру қабілеттерін дамыту ;

2) арнайы математикалық терминдермен және сөйлемдермен сөздігін байыту арқылы сөйлеу тілі мен есте сақтау қабілеттерін дамыту;

3) байқампаздығын, кеңістіктік қиялын дамыту;

4) бұлшық еттердің тырысуын және эмоционалдық қысымдылықты төмендету;

5) тілдік тұйықтықты, сенімсіздікті жеңулеріне жағдайлар жасау (өз пікірін білдіру, өз болжамдарын қорғау және дәлелдеу, көшбасшылық қасиетін көрсете білу);

6) көру арқылы қабылдауын дамыту (парақта, сызбада бейнеленгенді аңғару және түсіну).

## **2 - тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер**

5. Оқу процесін ұйымдастырудың педагогикалық тәсілдері арнайы білім беру қағидаларына негізделіп, білім алушылардың ерекше білім алу қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталады.

6. Тұлғалық-бағдарлық тәсіл, оқу-тәрбие процесін білім алушылардың жекелік ерекшеліктерін, мүмкіндіктері мен қабілеттіліктерін ескере отырып, ұйымдастыруға бағытталады, және де білім алушылардың бейімделушілік, әлеуметті-белсенділік келбеттерін қалыптастырып, өзара түсініушілік, ынтымақтастық, өздеріне деген сенімділік, өз таңдаулары үшін жауапкершілік сияқты сезімдерін оятуға мүмкіндік береді.

7. Коммуникативтік-әрекет тәсілі, оқу процесін табиғи қарым-қатынас жағдайына максималды жақындатылуын қамтамасыз етуге бағытталады, бұл тәсіл, оқытуды әлеуметтендірудің басты мақсаты ескеріле отырып, қолданылады.

8. Жеке және саралап оқыту тәсілі, баладағы тірек-қозғалыс аппараты бұзылымның құрылымы, психикалық-тілдік және коммуникативтік мүмкіндіктері, жекелеп оқыту қарқыны және білім кеңістігіндегі жылжуы ескеріле отырып, жүзеге асырылады.

9. Дамытушылық оқу – білім алушылардың шаршауы мен зорығуын болдырмау үшін жекелік және жастық ерекшеліктерін ескере отырып, білім алушының біртұтас тұлғалық қасиеттерін дамытуға бағытталады, іс-әрекет түрлерін алмастырып отыру білім алушылардың әрекеттер тәсілдерін

меңгеруіне мүмкіндік жасап, өз оқу іс-әрекеттерін құрастыруға және басқаруға үйретеді.

10. Түзету-дамытушылық бағыты қағидасын жүзеге асыру барысында мыналар ескеріледі: ойлау процестерінің енжарлығы, танымдық белсенділігінің төмендігі, ойлау қабілетінің тұжырымдаушы және абстракциялаушы функцияларының әлсіздігі, тілдік дамуының артта қалуы.

11. Оқыту әдісі ретінде ойындық формаларды қолдану, білім алушылардың танымдық белсенділігін арттырады. Іс-әрекеттің ұжымдық формаларын ұйымдастыруға бағытталған ойындық тәсілдер, білім алушыларға басқа топ мүшелерінің пікірін сыйлауды, соңғы нәтижені болжауды, іс-әрекетті өз бетінше жоспарлауды, мақсатқа жету тәсілдерін белгілеуді үйретеді.

12. Оқу процесі жаңа материалды үйренгенде де, өткен тақырыпты бекіткенде де, ауызша және жазбаша жұмыс түрлерінің тиімді үйлестірілуіне бағытталады.

13. Ақпараттық-коммуникативтік технологияларын (бұдан әрі - АКТ) қолдану біліктілігі базалық дағдылардан құрылады және оның ішіне жұмыс, демалыс және коммуникация барысында технологияларды дұрыс және шығармашылық тұрғыда қолдану жатады. Бағдарлама білім алушылардың күрделі есептеулер жүргізулері үшін (көптанбалы сандармен арифметикалық амалдар) калькуляторды қолдануларын қарастырады.

14. Оқытуға арналған техникалық құралдар: экран, интерактивті тақта, лимитсізғаламтор, проектор, графопроектор, офистік техника (компьютер, принтер, сканер, ноутбуктер), ватмандар, А-3, А-4, А-5 форматтағы парақтар, еңбек құралдары(желім, қайшы, пластилин, көрнекі құралдар (кестелер, моделдер, картиналар, портреттер), дидактикалық және үлестірме материалдар.

### **3 - тарау. «Математика» пәнінің мазмұнын ұйымдастыру**

15. «Математика» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 0 - сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында 64 сағатты;
- 2) 1 - сыныпта – аптасына 4 сағат, оқу жылында 132 сағатты;
- 3) 2 - сыныпта – аптасына 4сағат, оқу жылында 136 сағатты;
- 4) 3 - сыныпта – аптасына 5 сағат, оқу жылында 170 сағатты;
- 5) 4 - сыныпта – аптасына 5 сағат, оқу жылында 170 сағатты құрайды.

16. Бағдарлама мазмұны келесідей бөлімдерді қамтиды:

- 1) «Сандар және өлшемдер» бөлімі;
- 2) «Алгебра элементтері» бөлімі;
- 3) «Геометрия элементтері» бөлімі;
- 4) «Жиынтықтар. Логика элементтері» бөлімі;
- 5) «Математикалық моделдеу» бөлімі.

17. «Сандар және өлшемдер» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) натурал сандар және 0 саны, бөлшектер;

- 2) сандармен амалдар орындау;
- 3) шамалар және олардың өлшем бірліктері.

18. «Алгебра элементтері» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) сандық және әріптік өрнектер;
- 2) теңдіктер мен теңсіздіктер, теңдеулер.

19. «Геометрия элементтері» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) геометриялық фигуралар және олардың жіктелуі;
- 2) геометриялық фигураларды кескіндеу және салу;
- 3) нүктелер координаттары және қозғалыс бағыты.

20. «Жиынтықтар. Логика элементтері» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) жиынтықтар және олармен орындалатын амалдар;
- 2) пікірлер;
- 3) тізбектер;
- 4) нысандардың комбинациялары.

21. «Математикалық моделдеу» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) есептер және математикалық модель;
- 2) математикалық тіл.

22. 0 - сыныпқа арналған «Математика» пәнінің базалық мазмұны:

1) Сандар және өлшемдер: сөйлеу тілінде математикалық терминдерді қолдану қабілетін қалыптастыру, көрнекілік негізінде 10-ға дейінгі сандардың құрылуымен таныстыру. 0 саны, оның алынуы және белгілемесі. 0 ден 20 дейінгі сандаржазбасы, сандық қатар: 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9. Сандар құрамы, заттар есебі, сандық есептеу, реттілік есеп, тура және кері санау, сандардың натурал қатарындағы санның орнын анықтау. Бір және екі таңбалы сандарды оқу, жазу және салыстыру: көп, аз, осыншама заттар. Амалдарды түсіну: қосуды біріктіру ретінде, азайтуды алу ретінде, қосу және азайтуды өзара кері амалдар ретінде түсіну. 5 теңге, 10 теңге, 20 теңге тиындарды ажырата білу. Апта, ай, жыл ішіндегі күндер санын білу, бөлу шкаласы бар өлшем құралдарын білу;

2) алгебра элементтері: сандық өрнектер- қосу (қосынды, қосылғыштар, қосындының мәні), азайту (айырма, азайғыш, азайтқыш, айырманың мәні), қосу және азайтукомпоненттері арасындағы байланыс, «+» және «-» өзара кері амалдар, сандық өрнектерді оқу және жазу. 0 ден бастап қосу және азайту, 20 шектеуінде қосу және азайту, қосудың ауыстырмалық қасиеті. Заттарды салыстыру: ұзындығы бойынша (ұзын және қысқа), массасы бойынша: (көп және аз), сыйымдылығы бойынша: сыйғызады (көп және аз). Үлкен (жасы бойынша үлкен). Кіші (жасы бойынша кіші). Уақытпен бағдарлау: уақыттық ұғымдар жөнінде білімдерін бекіту, таң, күндіз, кеш, түн - тәулікті құратыны жөнінде ұғымдарын қалыптастыру. Апта күндерін, жыл мезгілдерін атау кезінде дұрыс реттілікті сақтауға үйрету. Жыл айлары жөнінде түсініктерін қалыптастыру, олардың реттілігін білу, атау. Салмақпен бағдарлау: алақанға салып салмақтары бойынша бірдей және бірдей емес заттарды табуға үйрету;

3) геометрия элементтері: геометриялық фигураларды тану (шеңбер, доғал, үшбұрыш, тікбұрыш, шаршы). Заттарды формалары, түстері, мөлшері бойынша салыстыру. Айналасынан геометриялық формасы бар заттарды табу қабілеттерін қалыптастыру, олардың формаларын сараптамау. Шеңбермен және тікбұрышпен салыстыру негізінде доғалмен таныстыру және геометриялық фигураларды дұрыс атау. Кеңістіктегі жалпақ фигуралардың орналасуын анықтау, кеңістікте бағдарлау. Қағаз парағында бағдарлау қабілетін қалыптастыру, қандай да болмасын заттардың өзіне немесе басқа заттарға қарасты орналасуын сөзбен айту қабілетіне үйрету;

4) жиынтықтар және логика элементтері: белгілі қасиеттері бойынша заттарды жиынтыққа біріктіру, жиынтық элементтерін атау, қоршаған ортадан және ойыншықтардан жаңа жиынтықтар құру. Бір затты ғана емес, заттардың тұтастай тобын бір жиынтықтың бір бөлігі ретінде белгілейтін «Бір» сөзінің мәнімен танысу. Жиынтықтың құрылымдық бөліктерін бөлу қабілетін қалыптастыру. Теңдік жөнінде ұғымды қалыптастыру, топтардағы түрлі заттардың теңдей санын анықтауға үйрету, есептеу және топтарды салыстыру негізінде сандық өрнектерді дұрыс жиынтықтау. 1ден 20ға дейінгі шектеудегі сандар жөнінде ұғымдарды қалыптастыру, көрші сандарды тану және атауға үйрету, 20 шектеуінде тура және кері санауға үйрету;

5) математикалық моделдеу: математикалық тіл және математикалық модель «+» және «-» белгілерін сандарды біріктіретін және азайтатын белгі ретінде қолданады. 0 және 10 цифрлары жөнінде алғашқы ұғымдарды қалыптастыру сандар құрамы жөніндегі түсінікті орнықтырады және бекітеді, цифрларды штрихтеу бойынша жиектеу дағдыларына үйретеді. Салыстыру дағдыларын қалыптастыру (көп, аз, тең, соншалықты, бірнеше бірлікке аз/көп). Көрнекілік негізінде қарапайым мысылдар мен есептерді сараптамау және шешу, цифрды саннан ажырату. Математикалық терминдерді қолдану көмегімен білім алушылардың математикалық тілін дамыту және байыту.

23. 1 - сыныпқа арналған «Математика» пәнінің базалық мазмұны:

1) Сандар және өлшемдер: 0 саны, оның алынуы және белгіленуі, сандық қатар: 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9. 0 ден 100 ге дейінгі сандарды жазу. Сандар құрамы, заттардың есебі, сандық есеп, реттілік есеп, тура және кері есеп, көп, аз, соншалықты заттар. 1 теңге, 2 теңге, 5 теңге, 10 теңге, 20 теңге, 50 теңге, 100 теңге тиындар(жинау және ұсақтау). Қозғалыс бағыттары (бір-біріне қарама-қарсы, бір бағытта, қарсы бағытта). 1 ден 100 ге дейін сандардың реттілігін құру, кері реттілік, ондықтыр мен 100 ге дейін тура және кері есеп;

2) алгебра элементтері: сандық өрнектер, 10 шектеуінде ауызша және жазбаша қосу және азайту, екі таңбалы сандарды қосу және алу алгоритмін қолдану, қосу және алу компоненттері арасындағы байланыс, өзара кері амалдар. 0 ден бастап қосу және алу, қосу және алу тәсілдері: 1 ден, 2-ден санау және есептеу, қосудың ауыстырмалық қасиеті. Толық ондықтар: жаңа есептеу бірлігі (ондық, оның құрастырылуы). Ондықтармен санау: ондықтардың атауы, реттілігі, оқылуы және жазылуы, ондықтарды салыстыру, жүздіктер. Әріптік

өрнектер, бір әріптік өрнектің мәні, теңдеулер, қосу алудың белгісіз компоненттерін табу ережелері негізінде, таңдау тәсілімен теңдеулерді шешу. Әріптің берілген мәні бойынша бір амалмен әріптік өрнектің мәнін табу. Теңдеудің түбірі. «>», «<», «=» белгілері, теңдеулер, теңсіздіктер, дұрыс теңдеулер және бұрыс теңсіздіктер. Заттарды салыстыру: ұзындығы бойынша (ұзын немесе қысқа). Массасы бойынша: (аз немесе көп). Сыйымдылығы бойынша: сыйыстырады (көп немесе аз). Бағасы бойынша: (көп немесе аз). Ауданы бойынша: (көп немесе аз). Заттар қозғалысын жылдамдығы бойынша салыстыру: жылдамырақ (жылдамдығы бойынша жоғары), баяуырақ (жылдамдығы бойынша төмен). Уақыт бойынша салыстыру (ерте, кеш), уақытты сағат бойынша тану. Ересек (жасы бойынша үлкен). Кіші (жасы бойынша кіші);

3) геометрия элементтері: заттарды формасы, түсі және мөлшері бойынша салыстыру. Заттардың кеңістіктегі орналасуы (оң, сол, жоғары, төмен, үсті, асты, арасы, алды, арт жақтарында). Бөлгіштері бар сызғыш. Кесінді: берілген ұзындықпен кесінділер сызу, олардың ұзындығын салыстыру және өлшеу. Ұзындықтың өлшем бірлігі: сантиметр (1 см), дециметр (1 дм), 1 дм = 10 см. Жазықтықта бейнелеу: нүктені, түзуді, кесіндіні. Нүктелік қағазда қарапайым жалпақ фигураларды салу: үшбұрыш, тікбұрыш, шаршы. Шамалардың өлшемін: см, дм бірліктерін қолданып жүргізу;

4) жиынтықтар. Логика элементтері: жиынтықты элементтерінің белгілері бойынша топтастыру (түсі, формасы, өлшемі, материалы, нысандар әрекеті), нысандар жиынтығын жұптар құру көмегімен салыстыру, бірдей және бос жиынтықтарды анықтау. Дұрыс және бұрыс пікірлерді анықтау, комбинациялар нұсқаларын құрастыру («екіден» айналадағы заттардан, ұқсастықты және айырмашылықты анықтау: сандардың, фигуралардың, ойыншықтардың, түрлі-түсті моншақтардың);

5) математикалық моделдеу: «+», «-», «=», «<», «>» белгілерін қолдану, өрнектерді оқу және жазу барысындағы әрекеттер компоненттерінің атаулары, цифр мен санның өзгешелігі. Сандарды қосу және алу иллюстрациясына арналған сандық сәуле, «<», «>», «=» белгілір көмегімен сандарды салыстыру, сандар реттілігі. Есептерді сызбалар, сурет, қысқаша жазба түрінде моделдеу, толықтай заттық көрнекілік негізінде есептер шығаруға дайындық, бірнеше бірлікке өсіру (азайту) түрінде қосу және алу бойынша қарапайым есептер шығару, айырмалық салыстыру, кері есептерді сараптамау және шешу.

24. 2 - сыныпқа арналған «Математика» пәнінің базалық мазмұны:

1) Сандар және өлшемдер: 100 шектеуіндегі сандардың құрылуы, оқылуы, жазылуы, 100 шектеуінде бірліктермен және ондықтармен тура және кері санау. Сандардың натурал қатарындағы санның орны, екітаңбалы және үштаңбалы сандарды оқу, жазу және салыстыру, екітаңбалы және үштаңбалы сандардың разрядтық құрамы, қосындының разрядтық қосылғыштарға бөлшектенуі, 1000 дейін ондықтармен және жүздіктермен санау. Екітаңбалы және үштаңбалы сандарының қосу және алу алгоритмін қолдану. Қосу (алу),

көбейту(бөлу) – өзара кері амалдар. Бірліктер: массаның, ұзындықтың, сыйымдылықтың, уақыттың. Циферблат бойынша уақытты анықтау: сағаттар, минуттар. Массаның бірлігі: грамм (1 г),килограмм (1 кг); центнер (1 ц), тонна (1т). Ұзындық бірлігі: сантиметр (1 см), дециметр (1дм), метр (1м), километр (1 км). Сыйымдылық бірлігі: литр (1 л). Уақыт бірлектері: сағат (1 сағ), минут (1 мин), секунд (1 с), тәулік (1 т), апта, ай, жыл, ғасыр. Шамалар: бағасы, саны, құны;

2) алгебра элементтері: 100 және 1000 шектеуіндегі сандарды, оқу, жазу, салыстыру, екітаңбалы және үштаңбалы сандарды қосу және алудың ауызша және жазбаша тәсілдері, қосудың (көбейтудің) ауыстырмалық және үйлестірімелік қасиеттері. Екітаңбалы және үштаңбалы сандармен арифметикалық амалдар, алгоритмді сақтау: біртаңбалы, екітаңбалы және үштаңбалы сандарға қосудың, алудың, көбейтудің. Сандық және әріптік өрнектердің оқылуы, жазылуы, әріптің берілген мәні бойынша әріптік өрнектің мәнін табу. Амалдардың орындалу реті: жақшасы бар және жақшасыз сандық өрнектерді қосу, алу, көбейту, бөлу (екі-үш амалы бар), көбейту және бөлу бойынша қарапайым теңдеулер шешу;

3) геометрия элементтері: геометриялық фигуралардың ұштарын және жақтарын латын алфавитінің бас әріптерімен белгілеу. Көпбұрыштардың жіктемесі, торлы қағазда жалпақ фигуралар мен бұрыштарды салу және салыстыру: берілген мәндері бойынша нүктені, кесіндіні, сәулені, түзуді, бұрыштарды (тік, сүйір, доғал), үшбұрышты, шаршыны, тікбұрышты. Көпбұрыш жақтарының ұзындықтарын өлшеу, үшбұрыштың, шаршының, тікбұрыштың периметрін (P) табу, периметрді табу формуласын оқу және жазу:  $P=a+b+c$ ,  $P=4a$ ,  $P=2(a+b)$ ;

4) жиынтықтар. Логика элементтері: диаграмма көмегімен бейнелеу: теңсанды жиынтықтарды біріктіру және жиынтықты теңсанды бөліктерге бөлу. Сандық жазбада сандық жиынтықтарды цифрлар саны бойынша топтастыру, 2-ге бөлінгіштік, жиынтықтарды және олардың элементтерін диаграммада белгілеу, элементтердің жиынтыққа жататынын анықтау. Жиынтықтарды латын алфавитінің бас әріптерімен, элементтерін кіші әріптерімен белгілеу. Пайымдаманың шынайылығын және жалғандығын анықтау, берілген заңдылық бойынша реттілік құрастыру, бұзылымдарын табу;

5) математикалық моделдеу: кесте, сызба, бір-екі амалды қысқа жазба түрінде моделдеу, шамалар арасындағы байланыс бойынша есептерді сараптамалау және шешу (бағасы, саны, құны, ұзындығы,ені, периметрі). Белгісіз қосылғышты, азайғышты табу, айырмалық салыстыру есептері. Кері есептер.Өзара кері есептер. Қарапайым теңдеулер құру және шешу, теңдеулер көмегімен есептер шығару.

25. 3 - сыныпқа арналған «Математика» пәнінің базалық мазмұны:

1) Сандар және өлшемдер:1000 шектеуінде сандарды құру, оқу, жазу, салыстыру, үштаңбалы сандардың разрядтық және кластық құрамы, разрядтық қосындылар қосындысы, 1000 шектеуінде тура және кері санау, 1000

шектеуінде жазбаша қосу, алу, көбейту, бөлу алгоритмін орындау. Көбейту кестесі, біртаңбалы және екітаңбалы сандарға көбейту және бөлудің кестелік жағдайлары. Көбейту және бөлу амалдарын тексеру, 0 ге бөлудің мүмкін еместігін білу, 2-3 амалдан тұратын, жақшамен және жақшасыз сандық өрнектермен арифметикалық амалдар орындау реті, қосу және көбейтудің ауыстырмалық, үйлестірмелік және үлестірмелік қасиеттері. Шамалар (ұзындық, масса, уақыт, сыйымдылық). Ұзындық бірліктері арасындағы қатынастар:  $1 \text{ м} = 10 \text{ дм}$ ,  $1 \text{ дм} = 10 \text{ см}$ ,  $1 \text{ см} = 10 \text{ мм}$ ,  $1 \text{ м} = 100 \text{ см}$ . Көлем бірлігі – текшеліксантиметр ( $1 \text{ см}^3$ ). Массаның бірліктері арасындағы қатынастар:  $1 \text{ т} = 1000 \text{ кг}$ ,  $1 \text{ ц} = 100 \text{ кг}$ ,  $1 \text{ кг} = 1000 \text{ г}$ . Ауданның бірліктері арасындағы қатынастар:  $1 \text{ м}^2 = 100 \text{ дм}^2$ ,  $1 \text{ дм}^2 = 100 \text{ см}^2$ ,  $1 \text{ см}^2 = 100 \text{ мм}^2$ ;

2) алгебра элементтері: бір/екі әріпті өрнектерді оқу, жазу, берілген әріптер мәні бойынша бір/екі әріпті өрнектердің мәнін табу, көбейтудің үйлестірмелік және үлестірмелік қасиеттерін әріптік теңдік ретінде келтіру:  $(ab)c = a(bc)$ ,  $a(b+c) = ab+ac$ ,  $a(b-c) = ab-ac$ , 0ге көбейтудің қасиеттері:  $a*0=0$ , 0ге бөлуге мүмкін еместігі, нөлді натурал санға бөлу, сандарды 1ге бөлу, бірдей бөліктерге бөлу, сан мен шаманың бөлігі, санның бөлігін табу және санды бөлігі бойынша табу. Белгісіз көбейткішіті, бөлінгішті, бөлгішті табу, бірнеше есе көбейту және азайту, еселі салыстырубойынша есептер;

3) геометрия элементтері: торлы қағазда геометриялық фигуралар құру (нүкте, кесінді, сәуле, түзу, бұрыш (тік, сүйір, доғал), үшбұрыш, шаршы, тікбұрыш). Геометриялық фигуралардың ұштарын латын алфавитінің бас әріптерімен белгілеу, кеңістіктік геометриялық фигуралардың жаймасы (текше, тікбұрышты параллелепипед), симметриялық және симметриясыз жалпақ фигуралар, параллелді және қиылысатын түзулер. Үшбұрыштың, шаршының, тікбұрыштың периметрін табу тәсілдері, геометриялық фигуралардың аудандары: тікбұрыштың  $S = a * b$ , шаршының  $S = a^2$ , үшбұрыштың  $S = (a*b)/2$ . Геометриялық фигураларды ауданы бойынша салыстыру: «көзбен» және қабаттастырып, ауданды өлшеу. Палетка. Аудан бірліктері:  $1 \text{ м}^2$ ,  $1 \text{ дм}^2$ ,  $1 \text{ см}^2$ ;

4) жиынтықтар. Логика элементтері: Эйлер-Венн диаграммасының көмегімен екі жиынтықтың бірлесуін және қиылысуын көрнекі бейнелеу, элементтерінің белгілері бойынша сандар жиынтығының ішкі жиынтығын анықтау, шынайы және жалған пікірлер, 1000 -1000000 дейінгі сандар реттілігінің заңдылықтарын анықтау, қоршаған ортадағы заттар жиынтығынан өз бетінше ішкі жиынтықтар құру;

5) математикалық моделдеу: жақшасы бар өрнектерді оқу және жазу барысында қосу, алу, көбейту, бөлу компоненттерінің атауларын қолдану; бұрыштар мен жалпақ фигуралардың ұштары мен жақтарын латын алфавитінің бас әріптерімен белгілеу, жазу және оқу. Ондықтарды ондықтарға, жүздіктерді жүздіктерге ауызша бөлу; кесте, сызба және қысқа жазбаның 2-3 амалды есептерін моделдеу. Шамалар арасындағы байланыс есептері: бағамен, санымен, құнымен; еселі салыстыру есептері, 1000 шектеуінде көбейту және



бөлудің жазбаша тәсілдері, нөлмен аяқталатын үштаңбалы санды екітаңбалыға жазбаша көбейту және бөлу.

26. 4 - сыныпқа арналған «Математика» пәнінің базалық мазмұны:

1) Сандар және өлшемдер: 1 000 000 шектеуінде тура және кері реттілікпен санау; 000000 шектеуіндегі сандардың натурал қатарындасандардың орнын анықтау. Көп таңбалы сандарды оқу, жазу, салыстыру. Сандарды берілген разрядқа дейін дөңгелектеу; көп таңбалы сандардың разрядтық және кластық құрамы; сандарды разрядтық қосылғыштардың қосындысы түрінде жазу. Көп таңбалы сандармен арифметикалық амалдар жүргізгенде 0 және 1 қасиеттері; 2, 5, 10-ға бөліну белгілері; 2, 5, 10 бөліну белгілері негізінде натурал сандарды топтастыру. Пайыз, пайыздарды оқу, жазу. Бірдей алымы/бөлгіші бар бөлшектерді оқу, жазу, салыстыру; дұрыс және бұрыс бөлшектер, аралас сандар, шамаларды салыстыру және түрлендіру: мм, см, м, дм, км, мм<sup>2</sup>, см<sup>2</sup>, дм<sup>2</sup>, м<sup>2</sup>, км<sup>2</sup>, мм<sup>3</sup>, см<sup>3</sup>, дм<sup>3</sup>, м<sup>3</sup>, км<sup>3</sup>;

2) алгебра элементтері: сандық және әріптік өрнектер: берілген әріптер мәні бойынша бірнеше әріптері бар әріптік өрнекті түрлендіру және мәнін табу, әріптік теңдеу түріндегі жай бөлшектердің қосылуын және алынуын оқу және жазу:  $\frac{a}{n} + \frac{b}{n} = \frac{a+b}{n}$ ,  $\frac{a}{n} - \frac{b}{n} = \frac{a-b}{n}$ ,  $\frac{a}{n} = \frac{a \cdot k}{n \cdot k}$ ,  $\frac{a}{n} = \frac{a/k}{n/k}$ .  $k \neq 0$ ; бірдей бөлгіші бар жай бөлшектерді қосу және алу алгоритмін сақтау. Тура сызықты қозғалыс барысында жол формуласын қолдану:  $s = v \cdot t$ ,  $t = \frac{s}{v}$ ,  $v = \frac{s}{t}$ . Есептер: қозғалысқа, бірлескен жұмысқа, уақытқа, өнімділікке, жұмыс және өнімділікке жұмсалған уақытқа; 3 – 4 амалдық есептер. 1000000 шектеуіндегі сандармен арифметикалық амалдар, дөңгелек сандарды 10, 100, 1000 ға бөлу;

3) геометрия элементтері: геометриялық фигураларды құру; нүкте, сызық (түзу, қисық, бүгілме), кесінді, бұрыш (тік, сүйір, доғал, жазыңқы), көпбұрыш (үшбұрыш, тікбұрышты үшбұрыш, тікбұрыш, шаршы, төртбұрыш); тікбұрышты параллелепипед (текше); тікбұрышты үшбұрыштың, текшенің, тікбұрышты параллелепипедтің элементтерін анықтау; текшенің, тікбұрышты параллелепипедтің көлемін анықтау  $V = a \cdot b \cdot c$ . Үшбұрыштар жіктемесі; параллель/перпендикуляр түзулер құру; берілген градустық өлшемі бойынша бұрыш құру, жалпақ фигуралар ауданы; аудан бірлігі – гектар (1 га), аудан бірліктері арасындағы қатынастар: 1 га = 10 000 м<sup>2</sup>;

4) жиынтықтар. Логика элементтері: жиынтықтар арасындағы қатынастар (тең, қиылысатын, қиылыспайтын жиынтықтар және ішкі жиынтықтар), шынайылығын және жалғандығын анықтау мақсатында математикалық мағынасы бар пікірлер құру; берілген қасиеттері, белгілері бойынша натурал сандарды жіктеу;

5) математикалық моделдеу: геометриялық фигуралардың ұштарын латын алфавитінің бас әріптерімен белгілеу, жазу және оқу. Белгілеу, жазу және оқу: пайызды (%), бұрыштың градустық өлшемін ( $n^\circ$ ), жай бөлшекті ( $\frac{a}{b}$ ); есептерді сызба, алгоритм түрінде моделдеу. Бөлінді мәнінде нөл барда нөлмен аяқталатын сандарға бөлу; екі таңбалы санға жазбаша көбейту, бөлу; үш таңбалы

санға жазбаша көбейту, бөлу. Қосу және көбейту қасиеттерін әріптік теңдеулер (формулалар) көмегімен жазу; екі/үш әріпті өрнектердің мәнін табу. Микрокалькулятор; калькуляторға сандарды енгізу және кетіру; калькулятор көмегімен арифметикалық амалдар орындау; 4-5 арифметикалық амалдары бар жақшамен және жақшасыз өрнектер мәнін табу.

27. Бағдарлама мазмұнының көлемі жалпы білім беретін бағдарламаның негізгі мазмұнына сәйкес келеді. Ойлау процестерінің ерекшеліктеріне, қимыл-қозғалыс функцияларының жеткіліксіз қалыптасуына байланысты шеңбер, шар, шеңбер құру, циркульды қолдану бойынша тақырыптар келесі сыныпқа ауыстырылды (5 - сынып).

28. Ойлау қабілетінің тұжырымдамалық және абстракциялық функцияларының төмен деңгейіне байланысты жай бөлшек, жай бөлшектерді қосу және алу бойынша тақырыптарды оқыту сабақтарының саны көбейтілді.

#### 4 - тарау. Оқыту мақсаттарының жүйесі

29. Оқу бағдарламасында әрбір бөлімнің оқу материалының мазмұны мен бірізділігін анықтау үшін негіз болатын, сондай-ақ білім алушылардың жетістіктерін бағалау критерийлері болып табылатын, оқыту мақсаттары жүйесі түрінде ұсынылған күтілетін нәтижелер көрсетілген.

30. Бағдарламада оқу мақсаттары кодтық белгімен берілген. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сандар – бөлім мен бөлімше ретін, төртінші сан - оқу мақсатының реттік нөмірін білдіреді Мысалы, 1.1.3.4 кодталуында: «1» – сынып, «1.3» – бөлімше, «4» – оқу мақсатының реттік саны.

31. Оқыту мақсаттарының жүйесі бойынша күтілетін нәтижелер:

1) «Сандар және өлшемдер» бөлімі:

1-кесте

| Бөлімше<br>лер   | Оқыту мақсаттары  |   |   |   |   |
|--|---|---|---|---|---|
|  | 0-сынып   | 1-сынып   | 2-сынып   | 3-сынып   | 4-сынып   |
| 1.1<br>Натурал<br>сандар<br>және 0<br>саны.<br>Бөлшек<br>тер | 0.1.1.1<br>натурал<br>сандар<br>және 0<br>саны<br>құрылуын<br>түсіну,<br>5/10/20шек<br>теуінде<br>тура және<br>кері санау,<br>натурал | 1.1.1.1<br>натурал<br>сандар және<br>0 саны<br>құрылуын<br>түсіну,<br>10/11-20<br>шектеуінде<br>тура және<br>кері санау,<br>натурал<br>қатарындағ | 2.1.1.1<br>100<br>шектеуіндег<br>і сандар<br>құрылуын<br>түсіну, 100<br>шектеуінде<br>тура және<br>кері санау,<br>натурал<br>қатарындағ<br>ы санның | 3.1.1.1<br>1000<br>шектеуіндег<br>і сандар<br>құрылуын<br>түсіну, 1000<br>шектеуінде<br>тура және<br>кері санау,<br>натурал<br>қатарындағ<br>ы санның | 4.1.1.1<br>көп<br>таңбалы<br>сандардың<br>ұрылуын<br>түсіну,<br>1 000 000<br>шектеуінде<br>натурал<br>қатарындағ<br>ы санның<br>орнын |

|  | қатарындағы санның орнын анықтау                                   | ы санның орнын анықтау  | орнын анықтау  | орнын анықтау  | анықтау   |
|--|--|---|--|--|---|
|  | 0.1.1.2 бір таңбалы сандарды және 0-10 санды оқу, жазу, салыстыру  | 1.1.1.2 бір таңбалы сандарды және 10-20 санды оқу, жазу, салыстыру  | 2.1.1.2 екі таңбалы сандарды оқу, жазу, салыстыру  | 3.1.1.2 үш таңбалы сандарды оқу, жазу, салыстыру   | 4.1.1.2 көп таңбалы сандарды оқу, жазу, салыстыру, сандарды берілген разрядқа дейін дөңгелектеу   |
|  | 0.1.1.3 бір таңбалы сандар құрамын анықтау                         | 1.1.1.3 бір таңбалы сандар құрамын/ 20 шектеуіндегі біртаңбалы сандардың разрядтық құрамын анықтау, разрядтық қосындылардың қосындысына бөлшектеу | 2.1.1.3 екі таңбалы сандардың разрядтық құрамын анықтау, разрядтық қосындылардың қосындысына бөлшектеу, 12 дейінгі сандардың римдік нөмірленуін оқу, жазу және қолдану | 3.1.1.3 үш таңбалы сандардың разрядтық, кластық құрамын және разрядтық бірліктердің жалпы санын анықтау, қосындылардың қосындысына бөлшектеу | 4.1.1.3 көп таңбалы сандардың разрядтық, кластық құрамын және разрядтық бірліктердің жалпы санын анықтау, қосындылардың қосындысына бөлшектеу |
|  | 0.1.1.4 онықтар санының ірілендірілген бірлігін құру, санау, жазу, | 1.1.1.4 онықтар санының ірілендірілген бірлігін құру, 100 ге дейін ондықтармен санау,   | 2.1.1.4 жүздік есебінің ірілендірілген бірлігін құру, 1000 ға дейін жүздіктермен санау,  | 3.1.1.4 мыңдық есебінің ірілендірілген бірлігін құру, 1 000 000 ға дейін мыңдықтар   | 4.1.1.4 миллион есебінің ірілендірілген бірлігін құру, миллиард шектеуінде жазу, санау,   |

|  | салыстыру   | жазу,<br>салыстыру  | жазу,<br>салыстыру   | мен санау,<br>жазу,<br>салыстыру   | салыстыру   |
|--|---|---|--|--|---|
|  | 0.1.1.5<br>10-ға дейін<br>2-ден<br>топтастыр<br>ып тура<br>және кері<br>реттілікпе<br>н санау | 1.1.1.5<br>20 ға дейін<br>2-ден<br>топтастыры<br>п сандық<br>топтармен<br>тура және<br>кері<br>реттілікпен<br>санау;<br>2,4,6,8,10<br>сандардың,<br>заттардың<br>жартысын<br>практикалы<br>қ әрекет<br>арқылы<br>табу | 2.1.1.5<br>50 ге дейін<br>2-ден<br>топтастыры<br>п сандық<br>топтармен<br>тура және<br>кері<br>реттілікпен<br>санау; жұп<br>және тақ<br>сандарды<br>ажырату;<br>заттар<br>топтарының<br>6,7,8,9<br>теңдей<br>бөліктерге<br>бөлінуін<br>көрсету | 3.1.1.5<br>бөліктің<br>құрылуын<br>көрсету,<br>оларды<br>жазу,<br>салыстыру  | 4.1.1.5<br>пайыз -<br>бүтіннің<br>жүздік<br>бөлігі<br>екенін<br>түсіну;<br>бүтіннің<br>бөліктерін<br>пайызбен<br>жазу, оқу  |
|  | 0.1.1.6<br>10<br>шектеуінд<br>е ауызша<br>санау<br>дағдылары<br>н дамыту                      | 1.1.1.6<br>бір/екі<br>таңбалы<br>сандарды<br>ауызша<br>санау<br>дағдыларын<br>дамыту  | 2.1.1.6<br>100<br>шектеуінде<br>ауызша<br>санау<br>дағдыларын<br>дамыту  | 3.1.1.6<br>жай<br>бөлшектерд<br>і оқу, жазу,<br>бірдей<br>бөлгіштері<br>бар<br>бөлшектерд<br>і көрнекілік<br>қолданып<br>салыстыру | 4.1.1.6<br>бірдей<br>бөлгіштері<br>және бірдей<br>алымдары<br>бар<br>бөлшектерд<br>і сандық<br>сәуледе<br>салыстыру;<br>дұрыс және<br>бұрыс<br>бөлшектерд<br>і, аралас<br>сандарды<br>ажырату |
|  | 0.1.1.7<br>заттар<br>санын<br>есебімен  |   |  |  | 4.1.1.7<br>10 және 100<br>сияқты<br>бөлгіштері  |

|                                  |  |  |   |   |   |
|----------------------------------|--|--|---|---|---|
|                                  | салыстыру және реттік номерін атау   |  |   |   | бар жай бөлшектерді ондық бөлшек түрінде жазу, оларды оқу және салыстыру  |
| 1.2<br>Сандармен амалдар орындау | 0.1.2.1 қосу амалын ортақ элементтері жоқ жиынтықтарды біріктіру ретінде және алуды жиынтық бөлігін алып тастау ретінде түсіну | 1.1.2.1 қосу амалын ортақ элементтері жоқ жиынтықтарды біріктіру ретінде және алуды жиынтық бөлігін алып тастау ретінде түсіну | 2.1.2.1 көбейтуді бірдей қосылғыштарды қосу ретінде және бөлуді нысандарды мазмұны бойынша бірдей бөліктерге бөлшектеу ретінде түсіну | 3.1.2.1 бөлшектер-бүтіннің бір немесе бірнеше бөлігі және екі натурал санның бөліндісі ретінде түсіну; санның квадратын екі бірдей көбейткіштің көбейтіндісі ретінде және санның кубын - үш бірдей көбейткіштің көбейтіндісі ретінде түсіну | 4.1.2.1 бірдей бөлгіштері бар бөлшектерді қосу және алуды - бөлгіші сол күйінде сақталған сәйкес алымдардың қосуы мен алуы ретінде түсіну |
|                                  | 0.1.2.2 қосу және алу - өзара кері амалдар екенін түсіну   | 1.1.2.2 қосу және алудың өзара кері амалдар екенін түсіну, осы   | 2.1.2.2 көбейту және бөлу – өзара кері амалдар екенін түсіну, осы   | 3.1.2.2 0 және 1 қасиеттерін көбейту және бөлуді орын дағанда   | 4.1.2.2 0 қасиеттерін көп таңбалы сандармен арифметика  |

|   |   |  |   |  |                                 |
|---|---|--|---|--|---------------------------------|
|   |   | амалдардың компоненттері, нәтижелері арасындағы байланысты анықтау   | амалдардың компоненттері, нәтижелері арасындағы байланысты анықтау  | қолдану; санды бөлудің мүмкін еместігін білу   | лық амалдар орындағанда қолдану |
| 0.1.2.3<br>0 мен 1ді қосу қасиеттерінің қолдану                       | 1.1.2.3<br>қосудың ауыстырмалық қасиетін, 1 және 0 қасиетін қолдану                           | 2.1.2.3<br>қосудың ауыстырмалық, үйлестірмелік қасиетін және көбейтудің ауыстырмалық қасиетін есептеулерді оңтайландыру үшін қолдану                       | 3.1.2.3<br>көбейтудің ауыстырмалық, үйлестірмелік, орналастырмалық қасиеттерін есептеулерді оңтайландыру үшін қолдану | 4.1.2.3<br>қосу мен көбейтудің қасиеттерін көптаңбалы сандармен есептеулер жүргізгенде қолдану |                                 |
| 0.1.2.4<br>бір таңбалы сандарды қосу кестесін құру, білу және қолдану | 1.1.2.4<br>ондықтар арқылы өткізбей біртаңбалы сандарды қосу кестесін құру, білу және қолдану | 2.1.2.4<br>ондықтар арқылы өткізіп біртаңбалы сандарды қосу кестесін құру, білу және қолдану, 2,3,4,5ке көбейту және бөлу кестесін құру, білу және қолдану | 3.1.2.4<br>6, 7, 8, 9ға көбейту және бөлу кестесін құру, білу және қолдану  | 4.1.2.4<br>2, 5, 10ға бөліну белгілері негізінде натурал сандарын жіктеу                       |                                 |
| 0.1.2.5<br>20 ның шектеуінд   | 1.1.2.5<br>ондықтар арқылы  | 2.1.2.5<br>ондықтар арқылы   | 3.1.2.5<br>үш таңбалы сандармен,  | 4.1.2.5<br>ондық құрамы  |                                 |

|  |   |   |  |   |  |
|--|---|---|--|---|--|
|  | е бір таңбалы сандарды қосу және алу амалдарын ауызша орындау   | өткізіп 100 дің шектеуіндегі і біртаңбалы сандарды қосу және алу амалдарын ауызша орындау   | өткізіп 100 дің шектеуіндегі і біртаңбалы сандарды қосу және алу амалдарын ауызша орындау; жүздіктерді қосу және алу                 | мыңдықтар мен олардың ондық құрамы негізінде қосу және алу амалдарын ауызша орындау | негізінде көптаңбалы сандарды қосу және алу амалдарын ауызша орындау; микрокальк улятор көмегімен есептеулер жүргізу |
|  | 0.1.2.6 біртаңбалы сандарды қосу және алу амалдарын ауызша орындау, 1+1; 2-1; 1+5; 6-1 сияқты жағдайларда | 1.1.2.6 ондықтар арқылы өткізбей екі таңбалы сандарды қосу және алу амалдарын ауызша орындау, 12+18; 40-18; 55+25; 80-25 сияқты жағдайларда | 2.1.2.6 ондықтар арқылы өткізбей екі таңбалы сандарды қосу және алу амалдарын ауызша орындау, 40+17; 57-40; 57-17 сияқты жағдайларда | 3.1.2.6 біртаңбалы санға қалдықпен бөлу   | 4.1.2.6 10, 100, 1000 ға қалдықсыз және қалдықпен бөлу   |
|  |   | 1.1.2.7 ондықтар арқылы өткізіп сандарды қосу және алу амалдарын ауызша 45±5; 45±15 сияқты жағдайларда                                      | 2.1.2.7 ондықтар арқылы өткізіп сандарды қосу және алу амалдарын 26+14; 40-14; 65 +35; 100-35 сияқты                                 | 3.1.2.7 кестеден тыс көбейту және бөлу, 17x5; 96:6; 75:15; 84:4 сияқты жағдайларда  | 4.1.2.7 екі/үш таңбалы санды біртаңбалы санға ауызша көбейту және бөлу   |

|   | а орындау   | жағдайлард<br>а ауызша<br>орындау  |   |  |
|---|---|--|---|--|
| 0.1.2.8<br>бір/екі<br>таңбалы<br>сандарды<br>қосу және<br>алу<br>алгоритмін<br>5+5; 10-5;<br>6+6; 12-6;<br>10+10; 20-<br>10 сияқты<br>жағдайлар<br>да қолдану | 1.1.2.8 екі<br>таңбалы<br>сандарды<br>қосу және<br>алу<br>алгоритмін<br>5+10; 15-5;<br>23+17; 40-<br>23, 52+38;<br>90-52<br>сияқты<br>жағдайлард<br>а қолдану | 2.1.2.8 екі<br>таңбалы<br>сандарды<br>қосу және<br>алу<br>алгоритмін<br>34+23; 57-<br>23; 27+34;<br>61-27;<br>47+33, 80-<br>47 сияқты<br>жағдайлард<br>а қолдану | 3.1.2.8<br>үш таңбалы<br>сандарды<br>қосу және<br>алу<br>алгоритмін<br>қолдану  | 4.1.2.8<br>көп<br>таңбалы<br>сандарды<br>қосу және<br>алу<br>алгоритмін<br>қолдану                                   |
|   | 1.1.2.9<br>қосудың<br>ауыстырмал<br>ық қасиетін<br>қолдану  | 2.1.2.9<br>қосудың<br>ауыстырмал<br>ық,<br>үйлестірмел<br>ік қасиетін<br>қолдану   | 3.1.2.9<br>100<br>шектеуінде<br>көбейту мен<br>бөлуді<br>ауызша<br>орындау<br>барысында<br>қосынды<br>мен<br>көбейтіндін<br>і бір<br>таңбалы<br>санға бөлу,<br>қосындыны<br>санға<br>көбейту<br>ережелерін<br>қолдану | 4.1.2.9<br>санды<br>қосындыға<br>көбейту,<br>санды<br>көбейтіндіг<br>е көбейту<br>және бөлу<br>ережелерін<br>қолдану |
| 0.1.2.10<br>логикалық<br>ойлау<br>және көру<br>арқылы<br>есте сақтау<br>қабілетін<br>дамыту   | 1.1.2.10<br>логикалық<br>ойлау және<br>көру<br>арқылы есте<br>сақтау<br>қабілетін<br>дамыту   | 2.1.2.10<br>логикалық<br>ойлау және<br>көру<br>арқылы есте<br>сақтау<br>қабілетін<br>дамыту  | 3.1.2.10<br>23x2;<br>123x2; 46:2;<br>146:2<br>сияқты<br>жағдайлард<br>а екі-,үш<br>таңбалы  | 4.1.2.10<br>көп таңбалы<br>сандарды<br>бір-, екі-,<br>үш таңбалы<br>сандарға<br>қалдықпен<br>бөлу                    |



|   |  |   |  |  |  |
|---|--|---|--|--|--|
|   |  |   |  | сандарды бір таңбалы санға көбейту және бөлу алгоритмдерін қолдану   |  |
| 0.1.2.11 тілді дамыту   | 1.1.2.11 тілді дамыту және оны математикалық терминдермен байыту                             | 2.1.2.11 тілді дамыту және оны математикалық терминдермен байыту  | 3.1.2.11 екі-үш таңбалы сандарды біртаңбалы санға көбейту және бөлу алгоритмдерін $28 \times 3$ ; $269 \times 2$ ; $84 : 3$ ; $538 : 2$ сияқты жағдайларда қолдану | 4.1.2.11 екі-, үш таңбалы санға көбейту және бөлу алгоритмін қолдану   |  |
| 0.1.2.12 көрнекі-иллюстрациялық бейнеде есептеу дағдыларын дамыту | 1.1.2.12 біртаңбалы сандарды қосу және алу кестесін қолдана отырып есептеу дағдыларын дамыту | 2.1.2.12 біртаңбалы сандарды қосу және алу кестесін қолдана отырып есептеу дағдыларын дамыту, ойлау әрекетін белсендету | 3.1.2.12 нөлмен аяқталатын үш таңбалы сандарды біртаңбалыға көбейту және бөлу алгоритмдерін қолдану  | 4.1.2.12 нөлмен аяқталатын көптаңбалы сандарды бір-, екі-, үш таңбалы сандарға көбейту және бөлу алгоритмдерін қолдану |  |
|   |  |   | 3.1.2.13 бөліндінің разрядтарының бірінде нөл бар болса үш таңбалы санды бір таңбалыға   | 4.1.2.13 бөліндінің жазбасында нөл бар болса көптаңбалы санды бір-, екі-, үш таңбалыға                                 |  |

|                                   |   |  |  |   |  |
|-----------------------------------|---|--|--|---|--|
|                                   |   |  |  | бөлу алгоритмдерін және көбейтудің кері амалы алгоритмін қолдану  | бөлу алгоритмдерін және көбейтудің кері амалы алгоритмін қолдану                       |
|                                   |   |  |  | 3.1.2.14 санның/шаманың бөлігін және бөлігі бойынша санын/шамасын табу: 100дің шектеуіндегі санның және жүздік санның жартысын, төрттен бір, оннан бір бөлігін табу | 4.1.2.14 аралас санды бұрыс бөлшек түрінде және бұрыс бөлшекті аралас сан түрінде жазу |
|                                   |   |  |  |   | 4.1.2.15 бірдей бөлгіші бар бөлшектерді қосу және алу алгоритмін қолдану               |
|                                   |   |  |  |   | 4.1.2.16 пайызды бөлшекке, бөлшекті пайызға ауыстыру                                   |
| 1.3<br>Шамалар және олардың өлшем | 0.1.3.1<br>бөлу шкаласы бар түрлі өлшеу | 1.1.3.1<br>бөлу шкаласы бар нысандарды | 2.1.3.1<br>түрлі өлшеу құралдарының шкалаларын | 3.1.3.1<br>ауданы бар нысандарды атау, ауданды  | 4.1.3.1<br>көлемі бар нысандар мен кеңістіктік   |

|                |                     |  |   |  |   |
|----------------|---------------------|--|---|--|---|
| бірлікте<br>рі | құралдары<br>н атау | атау, өлшеу<br>үшін<br>өлшемдер<br>мен<br>құралдарды<br>таңдау   | ажырату<br>және<br>олармен<br>шамаларды<br>н тиісті<br>мәндерін<br>анықтау  | өлшеу үшін<br>өлшемдер<br>мен<br>құралдарды<br>таңдау,<br>палеткамен<br>өлшеу  | геометриял<br>ық<br>фигуралард<br>ы атау,<br>көлемді<br>өлшеу үшін<br>өлшемдер<br>мен<br>құралдарды<br>таңдау,<br>текшемен<br>өлшеу (1<br>см <sup>3</sup> )   |
|                |                     | 1.1.3.2<br>өлшем<br>бірліктерін<br>қолданып<br>шамаларды<br>өлшеу : см,<br>дм /кг/л/сағ                      | 2.1.3.2<br>өлшем<br>бірліктерін<br>қолданып<br>шамаларды<br>өлшеу: см,<br>дм, м/кг,<br>ц/л, мин                                       | 3.1.3.2<br>өлшем<br>бірліктерін<br>қолданып<br>шамаларды<br>өлшеу: мм,<br>см, м, км/<br>кг, т/см <sup>2</sup> ,<br>дм <sup>2</sup> , м <sup>2</sup><br>/секунд   | 4.1.3.2<br>өлшем<br>бірліктерін<br>қолданып<br>шамаларды<br>өлшеу: см <sup>3</sup> ,<br>дм <sup>3</sup> , м <sup>3</sup> , га,<br>ар  |
|                |                     | 1.1.3.3<br>шамаларды<br>н мәндерін<br>салыстыру<br>см, дм<br>/кг/л/сағжән<br>е олармен<br>амалдар<br>орындау | 2.1.3.3<br>шамаларды<br>н мәндерін<br>салыстыру<br>см, дм, м/кг,<br>ц/ л /ч, мин,<br>ай ,<br>жылжәне<br>олармен<br>амалдар<br>орындау | 3.1.3.3<br>шамаларды<br>н мәндерін<br>салыстыру<br>мм, см, дм,<br>м /г, кг, ц,<br>т/л/см <sup>2</sup> , дм <sup>2</sup> ,<br>м <sup>2</sup> , га/с,<br>мин, сағ,<br>тәулік, жыл,<br>ғасыржәне<br>олармен<br>амалдар<br>орындау | 4.1.3.3<br>шамаларды<br>н мәндерін<br>салыстыру<br>мм, см, дм,<br>м, км/ г, кг,<br>ц, т/л , см <sup>3</sup> ,<br>дм <sup>3</sup> , м <sup>3</sup> /см <sup>2</sup> ,<br>дм <sup>3</sup> , м <sup>3</sup> , ар,<br>га/с, мин,<br>сағ, тәулік,<br>жыл,<br>ғасырк<br>және<br>олармен<br>амалдар<br>орындау |
|                |                     | 1.1.3.4<br>араларында<br>ғы ара  |   |  |   |

|  |   |  |   |   |   |
|--|---|--|---|---|---|
|  |   | қатынастары негізінде ұзындықтың өлшем бірліктерін түрлендіру (см, дм)                             |   |   | қатынастары негізінде өлшем бірліктерін түрлендіру ұзындықтың мм, см, дм, м, км, / массаның г, кг, ц, т, / ауданның мм <sup>2</sup> , см <sup>2</sup> , дм <sup>2</sup> , м <sup>2</sup> , ар, га / көлемнің см <sup>3</sup> , дм <sup>3</sup> , м <sup>3</sup> мм <sup>3</sup> / уақыттың с, мин, сағ, тәулік. |
| 0.1.3.5 аптаның, айдың күндер санын анықтау  | 1.1.3.5 сағаттың циферблаты бойынша уақытты анықтау/уақыттың өлшем бірліктерін ажырату: минут, сағ, күн, апта, ай | 2.1.3.5 циферблат бойынша уақытты анықтау: сағаттар және минуттар                                  | 3.1.3.5 сағат түрлері бойынша уақытты анықтау: сағаттар, минуттар, секундтар                          | 4.1.3.5 уақыт бірлігінің бөліктерін анықтау (сағаттың $1/60 = 1$ минут; сағаттың $1/2 = 30$ мин; аптаның $1/7 = 1$ күн) |   |
| 0.1.3.6 5 теңге, 10 теңге, 20 теңге тиындарды ажырату, олармен түрлі операциялар жүргізу | 1.1.3.6 1 теңге, 2 теңге, 5 теңге, 10 теңге, 20 теңге тиындарым ең түрлі операциялар жүргізу                      | 2.1.3.6 50 теңге, 100 теңге тиындарды, 200 теңге, 500 теңге қағаз ақшаларды ажырату, олармен түрлі | 3.1.3.6 1000 теңге, 2000 теңге, 5000 теңге қағаз ақшаларды ажырату, олармен түрлі операциялар жүргізу | 4.1.3.6 различать купюры 10 000 теңге қағаз ақшаларды және басқа мемлекеттер валюталары ажырату,                        |   |

|  |  |  |                     |  |                                   |
|--|--|--|---------------------|--|-----------------------------------|
|  |  |  | операциялар жүргізу |  | олармен түрлі операциялар жүргізу |
|--|--|--|---------------------|--|-----------------------------------|

2) «Алгебра элементтері» бөлімі:

2-кесте

| Бөлімшелер                          | Оқыту мақсаттары                                       |   |   |  |  |
|-------------------------------------|--|---|---|--|--|
|                                     | 0-сынып  | 1-сынып   | 2-сынып   | 3-сынып  | 4-сынып  |
| 2.1<br>Сандық және әріптік өрнектер | 0.2.1.1<br>сандық өрнектерді құру, оқу, жазу және тану | 1.2.1.1<br>сандық және әріптік өрнектерді құру, оқу, жазу және тану (қосындыларды, айырмаларды), теңдіктер мен теңсіздіктер | 2.2.1.1<br>сандық және әріптік өрнектерді құру, оқу, жазу және тану (көбейтінді, бөлінді)/ теңдіктер мен теңсіздіктер | 3.2.1.1<br>бір, екі әріптері бар әріптік өрнектерді құру, оқу, жазу және тану        | 4.2.1.1<br>сандық және әріптік өрнектерді түрлендіру   |
|                                     |  | 1.2.1.2<br>әріптің берілген мәні бойынша бір амалмен әріптік өрнектің мәнін табу  | 2.2.1.2<br>әріптің берілген мәні бойынша екі амалмен әріптік өрнектің мәнін табу                                      | 3.2.1.2<br>әріптердің берілген мәні бойынша екі әрпі бар әріптік өрнектің мәнін табу | 4.2.1.2<br>әріптердің берілген мәні бойынша бірнеше әріптері бар әріптік өрнектің мәнін табу |
|                                     |  | 1.2.1.3<br>қосу және алу арасындағы байланыстарды   | 2.2.1.3<br>қосу және көбейтудің қасиеттерін әріптік теңдік ретінде  | 3.2.1.3<br>көбейтудің байланыстырмалық және орналастырмалық                          | 4.2.1.3<br>әріптік өрнектер құру және оларды есептер шығаруға                                |

|   |   |  |  |  |                |
|---|---|--|--|--|----------------|
|   |   | <p>әріптік теңдік ретінде келтіру және қолдану:<br/> <math>a+b=c</math>, <math>c-a=b</math>, <math>c-b=a</math></p>                                    | <p>келтіру және қолдану:<br/> <math>a+b=b+a</math>,<br/> <math>(a+b)+c=a+(b+c)</math>; <math>ab=ba</math></p>  | <p>қасиеттерін әріптік теңдік ретінде келтіру және қолдану:<br/> <math>(ab)c=a(bc)</math>;<br/> <math>a(b+c) = ab+ac</math>;<br/> <math>a(b-c)=ab-ac</math></p>  | <p>қолдану</p> |
